

**Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы мен Қайнар
Академиясы арасындағы ғылым және білім саласындағы
ынтымақтастық туралы**

1-8 **КЕЛІСІМ ШАРТЫ**

Алматы қ.

« 1 » 11 . 2016 жыл

Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы бастығы з.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, полиция генерал-майоры Т.А.Кулибаев Жарғы негізінде атқарушысы бір жағынан және «Қайнар» Академиясы ұйымының президенті физ-мат. ғ.к., ҚазҰЖА академигі Е.С.Омаров Жарғы негізінде екінші жағынан ары қарай (тараптар) тараптардың жоғарғы білім беру және ғылым саласында ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында өзара тиімді екі жақты

- Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы" заңдарын басшылыққа ала отырып;

- екі жақтың ынтымақтастығын тереңдету және жоғары кәсіби білім беруді одан әрі дамытуды ескере отырып;

-Тараптардың ынтымақтастығы арқылы ЖОО-да ғылыми процестерді, оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырылуын дамыту , жетілдіру және мамандарды сапалы даярлауды арттыруға ықпал ету.

- Тараптардың ынтымақтастығы болашақта екі жақтың дамуына септігін тигізетінін мойындай отырып төмендегідей шарт жасасты:

1.Шарттың мәні

Аталған шарттың мәні өзара қызығушылық негізін көздеген тараптар арасындағы ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық болып табылады:

1.1.Жоғары білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында өзара көмек көрсету, профессорлық - оқытушылар құрамының біліктілігін, ЖОО-дағы кадрлардың ғылыми дайындығын және оқу әдістемелік жұмысын күшейту, сонымен қатар, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен алмасу барысында авторлық құқықты сақтау.

1.2 Оқытушыларға, магистранттарға және докторанттарға жекелеген курстар, лекциялар, ғылыми консультациялар өткізуге байланысты жоғары - білікті мамандарды тарту;

1.3 Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша қазіргі заманға сай, дамып келе жатқан және перспективалы бағыттарды келісу арқылы симпозиумдарды, басылымдарды, ғылыми еңбектерді ғылыми-зерттеу

жұмыстарын, бірлескен ғылыми зерттеулерді, бірлескен ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларды, жүргізу;

1.4. Жеке шарт негізінде магистранттарға, докторанттарға жекелеген білім беру бағдарламаларын зерттеуге және магистрлік, докторлық диссертацияларды қорғау дайындығына ықпал ету.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптар қызметін келесі бағыттарда іске асырады:

2.1. Тараптардың білімді жаңғырту және құру процесіне қатысуын қамтамасыз етіп, Болондық процестің негізгі қағдаларын іске асыру.

2.2. Серіктес ЖОО-мен қысқа және ұзақ мерзімді білім бағдарламалары бойынша студенттерді оқыту.

2.3. Студенттер мен магистранттар үшін экономикалық, гуманитарлық - әлеуметтік, педагогикалық мамандықтар шеңберінде академиялық оқу алмасуды жүзеге асыру.

2.4. Қос дипломдық білім беруді іске асыру (бакалавриат, магистратура, жоғары оқу орнынан кейінгі білім).

2.5. Профессор - оқытушылар құрамы ЖОО-серіктестіктерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларға, инновациялық конкурстарға қатысу.

2.6. Ғылыми-практикалық конференцияларды, ғылыми-әдістемелік семинарларды (оның ішінде халықаралық) бірлесіп ұйымдастыру және өткізу.

2.7. Ғылыми еңбектерді, монографияларды, ғылыми-әдістемелік құралдарды бірлесіп басылымға беру.

2.8. Магистранттар және докторанттармен ғылыми жетекшілікті жүргізу; кеңес беру, алдын-ала келісім бойынша магистранттардың және докторанттардың диссертациялық жұмыстарына қарсы пікір білдіру.

2.9. Серіктес ЖОО-мен ғылыми тағылымдамалар және біліктілікті арттыру курстарын оқыту, жүргізу арқылы профессорлық-оқытушылар құрамы мен магистранттардың біліктілігін арттыру.

2.10. Алдын-ала келісім бойынша серіктес ЖОО-ның жетекші ғалымдарын магистранттар мен студенттерге көкейкесті мәселелер бойынша дәрістер оқуға шақыру.

2.11. Серіктес ЖОО-да жүргізілетін ПОҚ пен студенттердің ғылыми конференцияларына оқытушыларды, магистранттарды және студенттерді шақыру.

2.12. Білім сапасын арттыру мақсатында заманауи білім технологияларын және қашықтықтан оқытуды дамыту.

2.13. Серіктес ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын пайдалана отырып, магистранттар мен студенттердің тәжірибе жүргізуін ұйымдастыру.

2.14. Барлық қызметтерді келісім негізінде қосымша келісім шарттар жасау арқылы ұсыну.

3. Өзге де шарттар

3.1. Осы Келісімшарт, хаттама немесе келісімге сәйкес екі жақтың келісімінен кейін күшіне енеді және тараптар өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

3.2. Осы келісімшарт, қол қойған тараптарға құқықтық міндеттеме жүктемейді. Осы шарттан туындайтын тараптардың ортақ іс-әрекеттері, бөлек жазбаша шарттың жасалуына негіз болады. Бөлек жазбаша шартты орындау барысында тараптардың құқықтық қарым-қатынастары қалыптасады.

4. Келісім шарттың қолданылу мерзімі

4.1. Осы шарт әр тарап үшін екі данадан, бірдей заңдық күшке ие, мемлекеттік және орыс тілінде төрт дана болып жасалды.

4.2. Осы шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл әрекет етеді, егерде екі жақ тараптан шартты бұзу туралы ерік-жігер білдірілмесе және екінші жаққа ол туралы хабарламаса келісім шарт автоматты түрде пролонгацияланған құқығымен 5 жыл мерзімге ұзартылған болып саналады.

5. Тараптардың заңды мекен-жайлары

Қазақстан Республикасы ІІМ «Қайнар» Академиясы ұйымы:
Алматы академиясы:

Алматы қаласы, Өтепов көшесі, 29

Телефакс: 8(727) 3378088, тел. 8(727)
3378138

E-mail: Akademy_mvд@mail.ru

Қазақстан Республикасы 050013,
Алматы қаласы, 050013,
Сатпаев көшесі, 7а
Телефакс: +7 (727) 2558366

E-mail: info@kainar-edu.kz

Қазақстан Республикасы ІІМ
Алматы академиясы бастығы
з.ғ.д., профессор,
ҚР-ҰҒА корреспондент-мүшесі,
полиция генерал-майоры
Т.А.Кулибаев.

Т.А.Кулибаев

М.О.

«Қайнар» Академиясы ұйымының
президенті физ-мат.ғ.к.,
ҚазҰЖА академигі Е.С.Омаров

Е.С.Омаров

